

2 дәріс. Австралия музейлері.

Мақсаты: студенттерге Австралия музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Аделаида. Оңтүстік Австралияның өнер галереясы..
2. Канберра. Австралияның Ұлттық галереясы.
3. Мельбурн. Виктория Ұлттық галереясы.
4. Сидней. Жаңа оңтүстік Уэльс өнер галереясы

Кілт сөздер: музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Аделаида. Оңтүстік Австралияның өнер галереясы. Оңтүстік Австралияның өнер галереясы өз еліндегі қолбанбалы өнер туындыларының коллекциясын жинақтаған ірі мекеме. Ол 1881 жылдан бастап қызмет етеді, ал 1897 жылдан бастап Аделаиданың орталығындағы ең сәулетті ғимаратқа орналасты. Галереяның қорында Ежелгі Римнен бастап бүгінгі күнге дейін қамтитын 35000 астам экспонат жинақталған. Экспонаттар мазмұнына қарай көркемсурет, мүсіндер, гравюра, фотография, тоқыма, қыш-құмыра, шыны бұйымдар, металл бұйымдар, асыл тасты бұйымдар, жиһаздар болып бөлінеді. Галереяда Австралияның өз өнерінің тарихынан сыр шертетін экспонаттар хронологиясы ХІХ ғасырдан басталады, сондай-ақ аборогиндердің өмірі мен тұрмысынан сыр шертетін бұйымдарды жинақтаған. Бұл галерея өзінің қалыптасқан күнінен бастап, ХVІ-ХІХ ғасырлар аралығына саятын батысеуропалық суретшілердің туындыларын жинақтаумен айналысқан. Галерея экспонаттарының негізгі денін ХІХ ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі ағылшын суретшілерінің туындылары қамтиды. Ағылшын коллекциясының қатарында Клод Лоррен, Антонис ван Дейк, Уильям Хогарт, Томас Гейнсборо, Уильям Тернерлер бар. Музейде ХІХ ғасырдағы француз өнерін дәріптейтін Теодор Жерик, Анри Фантен-Латура, Шарл Добиньи, Эжен Буден, Пьер-Огюст Ренуардың салған туындылары, сондай-ақ Огюст Роден құйған 20 қола мүсін бар. Музейдегі көне шеберлер жасаған туындылардың алғашқыларын 1907 жылы коллекционер Дэвид Мурей тапсырған. Коллекционер Харольд Райдтың музейге өткен жинағында Андреа Мантенья, Альбрехт Дюрер, Тициан, Питер Пауль Рубенс, Рембрандт, Франсиско де Гойя, Эдуард Мане, Якоп Тинторетто, Джованни Батиста Тьепело жұмыстары бар.

Канберра. Австралияның Ұлттық галереясы. Австралияның Канберра қаласында орналасқан Ұлттық музейі осы континенттегі ірі музей. Оның қорында әлемнің әр еліне тиесілі 100 000-нан аса экспонат бар. Галереясынан австралиялық суретшілер туындыларын, аборогендер өнерін, азиялық өнер туындыларын, еуропалық, американдық көркемсурет туындыларын, қолданбалы өнер туындыларын, фотосуреттер мен мүсіндемелерді кездестіруге болады. Австралиялық қор жинағы көркемсурет, мүсіндеме, гравюра, сызба, кескіндеме, фотосурет, қолданбалы өнер туындыларынан тұрады. Онда белгілі австралиялық суретшілер Том Робертс, Фредерик

Маккаббин, Артур Стритон, Сидни Нолан, Артур Бойда туындылары сақталған. Азиялық өнер туындылары қатарында қытай фарфорлары, үнді мүсіншелері мен миниатюралары, жапон гравюралары көз тартады. Еуропалық және американдық өнер туындыларынан XIX-XX ғасырлар жұмыстары қойылған. Олардың қатарында Виллем де Куннинга, Константин Бранкузи, Генри Мурра, Люсьен Фрейда, Дэвид Хокни еңбектері бар. Құнды экспонаттар қатарында 1973 жылы 1 милл. АҚШ долларына жуық қаражатқа сатып алынған Джексон Поллоктың «Көк бағаналар» (1952) атты туындысы бар.

Мельбурн. Виктория Ұлттық галереясы. Виктория ұлттық галереясы Австралиядағы ірі әрі көне өнер музейі болып саналады. 1861 жылы негізі қаланған, қала орталығының ортасында орналасқан. Галереяда әлемнің әр түкпірінен жинаған өнер туындылары қойылған. Еуропалық өнер туындыларын көрсететін көне полотнолар қатарынан Паоло Учелло, Паоло Веронез, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк., Рембрандт, Джовани Батиста Тьеполо еңбектерін көруге болады. XIX-XX ғасырлар көркемсурет туындыларынан Уильям Тернер, Пьер-Огюст Ренуар, Клод Моне, Пабло Пикассо, Винсент ван Гог еңбектерін атауға болады. 2003 жылы музейдің негізгі ғимараты жанынан Иан Поттер орталығы ашылды. Қазіргі таңда бұл орталық коллекциясында австралиялық өнер туындыларын көрсететін экспонаттар саны 20000 бірліктен асады. Олардың қатарында Сидни Нолан, Альберт Такер, Артур Бойда, т.б. суретшілер туындылары бар. Коллекциялық құндылықтар қатарында Фредерик Маккаббиннің «Пионер» полотносы сақталған. Қолданбалы өнер туындылары қатарында грек вазалары, қыш-құмыралары, тоқыма бұйымдар, т.б. қойылған.

Сидней. Жаңа оңтүстік Уэльс өнер галереясы. Жаңа оңтүстік Уэльс өнер галереясы — Австралияның қоры мол ірі музейі. Оның негізі 1874 жылы қаланған. Мельбурндағы Виктория өнер галереясымен бәсекелесу тұрғысында Сиднейдің бай тұрғындары осы музейдің өркендеуіне өз үлестерін қосып, жеке қаражаттарын бөлген. Галерея ғимараты XIX ғасырдың аяғында архитектор Уолтер Вернон жобасы бойынша салынған. Қордың негізгі бөлігін австралиялық шеберлер туындылары құрайды. XIX ғасыр өнер туындылары қатарында Артур Стритон, Том Робертс, Фредерик Маккабин еңбектері, XX ғасыр өнер туындылары қатарында Уильям Добелл, Сидни Нолан, Рассел Драйсдейл, Артур Бойда, Фредерик Уильямс еңбектері бар. XVI ғасырға саятын нидерландық және италяндық көркемсурет, сондай-ақ Викторикан дәуіріне саятын ағылшын өнер туындылары сақталған. Еуропалық модернистер жұмыстарының, азиялық өнер, графика және фотосуреттер коллекциялары бар.

Сұрақтар:

1. Австралиядағы ірі музейлер, қалыптасу кезеңдері.
2. Австралиядағы галереялар, ерекшеліктері.
3. Австралия және мұхит аралдары байырғы тұрғындары мәдениетінің музейлік мұралары.

Әдебиеттер:

1. Все о музеях мира. – Спб.: СЗКЭО «КРИСТАЛ», М.:Оникс, 2008.
2. Музей мира_BEST. – Спб.: Вектор, 2007.
3. Шулепова Э.А. Основы музееведения. - М., 2005.